

Тақырыбы: «Ойындар мерекесі».

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Койшыбаева Г.К

2025-2026 оқу жылы

Максаты: Спорттық ойындарды ойнай отырып, спортқа қызығушылығын арттыру.
Салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. Шаншаңдыққа, ептілікке баулу.

Керекті құралдар: Кішкентай шарлар, доптар, шеңберлер, кедергілер,
геометриялық фигуралар т.б.

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Жүргізуші:

Жеңімпаз болу оңай ма?

Арман болған талайға.

Болмасаңда ұксап бақ,

Жарысқа түсіп қалайда.

Әуенмен сайысқа қатысушыларды қарсы алу, таныстыру.

Жүргізуші: Ата-аналар, әріптестер бүгінгі «Ойындар мерекесі» атты сайысымызға
қош келдіңіздер!

Ал, құрметті халайық!

Жарысты енді көріндер.

Әділ қазы алқасы

Әділ баға беріндер.

Сайысымызды бастамас бұрын сайысымызға әділ баға беретін әділқазылар
алқасымен таныстырып өтейік.

Әр кезең сайын 5 балдық жүйемен бағаланады.

«Достық» биі.

Сайысты бастамас бұрын ойын шартымен таныстырып өтейік.

1-тапсырма «Доппен жарысу».

2- тапсырма «Самокатпен жарысу».

3- тапсырма «Конустар арасымен жүгіру».

4-тапсырма «Тәтті жүгері жеп жарысу».

5-тапсырма «Үй, күн жапсыру».

1-тапсырма «Доппен жарысу».

Шарты: әр команда мүшесі допты колдарын алып, кедергілерден өтіп, келесі
ойыншыға допты береді. Сөйтіп барлық бала өтіп, бірінші келген топ жеңіске
жетеді.

2-тапсырма «Самокатпен жарысу».

Ойынның шарты: әр команда мүшесі Самокатқа мініп, кедергілерден өтіп келеді.

3-тапсырма «Конустар арасымен жүгіру».

Ойынның шарты: әр команда мүшесі жылдам, Конустарды құлатпай арасымен жүгіріп келу.

4-тапсырма «Велосипед».

Ойынның шарты: әр команда мүшесі Велосипедке мініп, кедергілерден өтіп келеді.

5-тапсырма «Үй, күн жапсыру».

Ойынның шарты: әр үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек фигуралары, желім, қағаз беріледі. Олар топ болып, үй мен күнді жылдам әрі әдемі, таза етіп жапсырулары керек.

Қорытынды:

Жүргізуші: Сайысымыздың жеңімпаздарын анықтайтын да уақыт келіп жетті.

Олай болса құттықтау сөз әділқазылар алқасына беріледі. Жеңімпаздарды марапаттау.

Уа, халқым назар аудар денсаулыққа!

Өмірде бақыттысың денің сау да.

Денсаулық терең бақыт денген сөзді,

Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да демекші

Сайысымызда өз мәресіне келіп жетті.